² Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №.409-І [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000143>. (Дата обращения: 13.09.2022).

М.К.Сулейменовтың айтуынша, «Келісім-шарт мәміленің бір түрі болғандықтан, сыртқы экономикалық мәміленің бір түрі сыртқы экономикалық келісім-шарт болуы керек екені даусыз. Сонымен, сыртқы экономикалық қызмет саласындағы азаматтық-құқықтық шарт сыртқы экономикалық шарт болып табылады. Ал бұл термин кодификацияланған азаматтық заңнамада бекітілмегендіктен, заң ғылымының міндеті оны құқықтық категориялармен салыстырып, анықтама беру болып табылады» [1, 122 б.].

В.А.Канашевскийдің пікірінше, «сыртқы экономикалық мәміле» ұғымы сыртқы экономикалық шарттардың жалпыға бірдей табылған түрлерін (халықаралық сатып алу, қаржы лизингі, халықаралық тасымалдау, мүлтік жалдау, сақтандыру және т.б.), сонымен қатар, құқық теориясына сәйкес біржақты мәмілелерге жататын сенімхаттарды қамтиды [2, 113 б.].

Ал, И.С.Зыкин былай дейді: «Іс жүзінде сыртқы экономикалық саладағы қатынастарға қатысты «мәміле» терминін қолданғанда біз шартты түсінеміз» [3, 134б.]. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сыртқы экономикалық мәміле ұғымы, сөзсіз, сыртқы экономикалық келісім-шарт ұғымынан кеңірек деген қорытынды жасауға болады.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді қатесіз анықтауға мүмкіндік беретін маңызды белгілерінің бірі «шетелдік элемент» деп аталады. Шетелдік элемент ұғымына ғалымдардың көпшілігі шетелдік заңды немесе жеке тұлға ретінде түсінеді. Сонымен қатар, сыртқы экономикалық мәміле коммерциялық сипатта болады. Қазіргі заң әдебиеттерінде сыртқы экономикалық мәмілелерді анықтауда төрт негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады.

Бірінші бағыт бойынша сыртқы экономикалық мәміле келесі факторлармен анықталады - заңды немесе жеке тұлғаның мәмілеге қатысуы және тауарлармен, жұмыстармен немесе қызметтермен мемлекеттік шекарадан өту фактісінің болуы [4, 169 б.].

Екінші бағытты ұстанатын ғалымдар тараптардың коммерциялық кәсіпорындарының әртүрлі елдерде орналасуын анықтаушы фактор деп санайды. Мысалға алатын болсақ, М.М. Богуславский былай деген

болатын: «сыртқы экономикалық мәмілелерді ұйымдардың шетелдік контрагенттермен жасаған мәмілелері деп түсіну керек; сыртқы сауда процесінде және сыртқы экономикалық қызметтің басқа да түрлерінде» [5, 43 б.].

Осы жерде, «тараптың коммерциялық кәсіпорны» термині құқық субъектісін емес, шартқа қатысушының негізгі қызметінің орнын сипаттайтын ерекше мәнге ие және халықаралық шарттарда жиі айтылатын термин екенін атап өтуге болады. Бұл туралы, 1980 жылғы БҰҰ-ның тауарларды халықаралық сату келісім-шарттары туралы конвенциясында³, 1988 жылғы Халықаралық қаржылық лизинг туралы УНИДРУА конвенциясында да айтылған⁴.

Үшінші бағыт мәмілеге қатысушы контрагенттердің әртүрлі ұлтқа жататындығына және оның мақсаттылық ерекшеліктеріне назар аудару арқылы сыртқы экономикалық мәмілені анықтайтын ғалымдардың көзқарастарынан тұрады. И.В.Елисеевтің пікірінше, сыртқы сауда шарты екі өлшеммен ерекшеленеді – біріншіден, мұндай келісім-шартқа қатысушылардың әртүрлі мемлекеттерге тиесілілігі және олардың коммерциялық сипаты [6, 74 б.].

Төртінші бағыт сыртқы экономикалық мәміле түсінігін анықтаудағы басым позициясы оның жария-құқықтық сипаттамаларының көрсеткіші болып табылатын зерттеушілердің пікірлерімен ұсынылған. Мысалы, В.А.Бубликтің айтуынша: «Сыртқы экономикалық мәміле деп тараптардың сыртқы экономикалық қызмет барысында азаматтық және өзге де құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған құқықтық нормалармен, оның ішінде халықаралық жеке құқық нормаларымен реттелетін келісімі түсініледі» [7, 98 б.].

Қазақстандық құқық нормалары мен халықаралық шарттарды негізге ала отырып, мынадай анықтама жасауға болады: «Сыртқы экономикалық мәміле деп коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі елдерде орналасқан тараптар арасында жасалған мәмілелер түсініледі. Сыртқы экономикалық мәміле сыртқы экономикалық қызмет саласында жасалады, ол шетелдік элементтің міндетті қатысуымен жасалады және кемінде екі ұлттық құқықтық жүйемен байланысты».

³ БҰҰ-ның «Тауарларды халықаралық сату келісім-шарттары туралы» 1980 жылғы 11 сәуірдегі Вена конвенциясы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://uncitral.un.org/ru/texts/salegoods>. (Дата обращения: 13.09.2022).

⁴ 2010 жылғы «УНИДРУА халықаралық коммерциялық шарттарының қағидаттары». [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://ppt.ru/newstext.phtml?id=8193378>. (Дата обращения: 13.09.2022).

Сыртқы экономикалық мәміле ұғымын дұрыс түсіндірудің практикалық маңызы зор. Өйткені, мемлекет ішінде жасалатын мәмілелерді жасау және жүзеге асыру тәртібін реттеуші қайнар көздері мен әдістері сыртқы экономикалық мәмілелерден туындайтын қатынастарды реттеудің нормативтік базасы мен әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Сонымен қатар, сыртқы экономикалық мәмілелер ішкі мәмілелерден бірқатар маңызды айырмашылықтарға ие, бұл халықаралық сауда және басқа келісім-шарттардың мазмұнында тікелей көрінеді.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді құқықтық реттеуде аймақтық және әмбебап деңгейдегі халықаралық шарттар үлкен маңызға ие болады, өйткені оларда сыртқы сауда мәмілесінің базистік талаптары бекітілген. Базистік талаптар дегеніміз контрагенттердің келісім-шартты орындау кезіндегі міндеттемелерін бекітетін сыртқы сауда мәмілесінің негізгі талаптары. Сыртқы экономикалық мәмілелер жеке-құқықтық сипаттағы халықаралық шарттарды реттеу саласына жатады.

Жаһандану және интеграция процестерінің экономикалық салада күшеюі халықаралық шарттық қатынастарға деген сұранысты тудырды. Сыртқы экономикалық мәмілелерді жасау тәртібі қарапайым емес, оның алдында көбінесе ұзақ келіссөздер процесі және көптеген мәселелер бойынша келісімдер болады. Мұның барлығы халықаралық шарттық қатынастарға түсу кезінде, тараптар өздері таңдайтын коллизиялық байламдармен қиындайды. Осы тұрғыдан алғанда, сыртқы экономикалық мәміле ұғымын, нормативтік құқықтық базаны және ол тудыратын қатынастарды реттеу әдістерін нақты анықтаудың үлкен маңызы бар.

Қазақстанның азаматтық құқығында сыртқы экономикалық мәміле халықаралық экономикалық кеңістікте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілердің қызмет етуімен жанама сипаттағы қасиеттердің тұтас кешеніне ие. Өйткені, бұл мәміле тауарлармен, жұмыстармен, зияткерлік қызметтің нәтижелерімен, азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған қызметтердің барлық түрлерімен халықаралық алмасу саласындағы ұлттық және халықаралық жеке құқықтың қолданылу аясына жатады.

Халықаралық кәсіпкерлік қызметте және сыртқы экономикалық қызметте «сыртқы экономикалық мәміле» және «сыртқы са-

уда мәмілесі» терминдері қолданылады, сондықтан осы ұғымдардың арақатынасын және қызметтің қай түрінде пайдалану керектігін анықтап алу керек.

Біздің ойымызша, сыртқы экономикалық мәмілеге қарағанда сыртқы сауда мәмілесі неғұрлым тар ұғым болып табылады және ол саудамен байланысты іскерлік қатынастарға қатысты қолданылады. Ал, сыртқы экономикалық мәміле тек тауарлар, жұмыстар, қызметтер, технологиялар және т.б. сауда саласын ғана қамтып қоймайды, ол сондай-ақ, инвестициялық қызметті де қамтиды. Қазіргі уақытта сыртқы экономикалық қызмет шеңберінде инвестициялық қызметте дамуда, ол да тиісті келісім-шартпен ресімделеді. Сондықтан, тәжірибеде жиі кездесетін сәйкестендіруге қарамастан, сыртқы экономикалық мәміле ұғымы сыртқы сауда мәмілесі ұғымынан кеңірек.

Сыртқы экономикалық мәміле – экспорт-импорт немесе өзге де сыртқы экономикалық мәмілелерді орындауды көздейтін қазақстандық және шетелдік субъектілер қатысатын мәміле. Ал, сыртқы сауда мәмілесі – экспорттық-импорттық немесе өзге де сыртқы сауда операцияларын орындауды көздейтін қазақстандық және шетелдік тұлғалардың қатысуымен жасалатын мәміле. Сондықтан, сыртқы сауда мәмілесі сыртқы экономикалық мәміленің бір түрі болып табылады.

Сондай-ақ, сыртқы экономикалық мәмілелерді шетелдік элементпен қиындатылған мәмілелер деп атауға болады. Сыртқы экономикалық мәміле деп бір тарапы шетелдік тұлға болатын және шарт бойынша міндеттемені орындау толық немесе ішінара шет мемлекеттің аумағында жүзеге асырылатын, шарт шетелде орналасқан мүлікке қатысты болатын немесе шетелде жасалған біржақты мәмілені айтамыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде сыртқы экономикалық мәмілелерге тән келесі негізгі белгілерді бөліп көрсетуге болады:

1. Шетелдік элемент, яғни, тараптардың бірі шет мемлекетіне тиесілігін білдіреді. Сыртқы экономикалық мәміле тараптарының бірінің бейрезиденттігін білдіреді. Айта кету керек, бұл ретте анықтаушы фактор оның тіркелген жері емес, коммерциялық кәсіпорынның орналасқан жері болып табылады.

2. Құқықтық реттеудің ерекшелігі, яғни, сыртқы экономикалық құқықтық қатынастарға ұлттық заңнамадан басқа халықаралық құқық нормалары, халықаралық сауда

әдет-ғұрыптары қолданылуы мүмкін.

3. Импорттық-экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде валюталық есеп айырысулардың рұқсат етілуі, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша шарттан туындайтын міндеттемелерді осы валютада бағалау мүмкіндігі.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеуді жүзеге асырудағы ерекшеліктердің бірі халықаралық-құқықтық және ұлттық нормалар жиынтығының өзара әрекеттесуі болып табылады. Әдетте, сыртқы экономикалық мәмілелерді құқықтық реттеу жария құқықтық реттеу және жеке құқықтық реттеу болып екіге бөлінеді.

Теориялық жағынан түсіну сыртқы экономикалық мәміленің неғұрлым толық анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сыртқы экономикалық мәміле – коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі мемлекеттерде орналасқан тұлғалар арасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында жасалатын, мәміле тараптарының бірінің бейрезиденттілігі (шет мемлекетке тиесілігі) деп түсінілетін шетелдік элементтің болуымен, сондай-ақ валюталық есеп айырысулардың жол берілуімен және тараптардың келісімі бойынша шарттан туындайтын міндеттемелерді осы валюталарда бағалау мүмкіндігімен сипатталатын және ұлттық заңнама нормаларымен де, халықаралық құқық нормаларымен де, халықаралық сауда әдет-ғұрыптарымен де реттелуге болатын мәміле.

Сыртқы экономикалық мәміле келесі негізгі ерекшеліктерді қамтиды:

- есеп айырысуды жүзеге асыру тетігі арнайы болып табылады және төлем валютасына қойылатын талаптарды, вексель айналысын, жүзеге асырудың белгіленген мерзімдерін, есеп айырысу құжаттарын ресімдеудің нормативтік ережелерін және т.б. қамтиды.

- арнайы рәсімдерді сақтау қажет, оларды орындамау әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін: мәміле паспортын тіркеу, тауарларды кедендік ресімдеу, статистикалық декларацияны тіркеу және т.б.;

- сыртқы экономикалық саланы реттейтін ұлттық заңнама сыртқы экономикалық операцияларды реттеуге ықпал ететін шектеулерді енгізуге құқылы: квота механизмі,

стандарттар, номенклатура, тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбелері;

- белгілі бір уақыт кезеңіне немесе сыртқы экономикалық мәмілелердің белгілі бір санатына тыйым салуды белгілеу, мысалы, белгілі бір тауарларды сатып алу-сату;

- өндіріс құрылымын, тауарларды шығару көлемін өзгерту, тауарлардың ассортиментін өзгерту, өзіндік құнын азайту және т.б. мақсатында елдің ішкі нарығында салааралық реттеу шараларын белгілеу [8, 245 б.].

Сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеудің ішкі азаматтық-құқықтық мәмілелерді реттеуден айырмашылығы, жария құқық нормалары үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, экспорт-импорт, валюталық, қаржылық, салықтық және кеден заңнамаларының нормалары қолданылады. Сауда қатынастарының саласы неғұрлым бірыңғай заңнамамен және көптеген халықаралық келісімдермен ерекшелінеді.

Жария құқықтық реттеу. Ең жалпы реттеу 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» заңында қамтылған. Аталған заң сауда қызметі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны мемлекеттік реттеудің принциптерін және ұйымдық негіздерін реттейді.⁵ ҚР-ның сауда қызметін реттеу туралы заңы сауда қызметін реттеудің мақсаттары мен принциптерін, сауда қызметін мемлекеттік реттеу нысандары мен әдістерін белгілейді.

Арнайы экспорт-импорт заңнамасы квота және сыртқы экономикалық қызметті лицензиялау туралы нормаларды қамтиды. 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруына рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді⁶.

Талқылау

Валюталық реттеудің негізін 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңы құрайды. Аталған заң валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды рет-

⁵ Сауда қызметін реттеу туралы 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544-ІІ Қазақстан Республикасының заңы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000544>. (Дата обращения: 13.09.2022).

⁶ Рұқсаттар және хабарламалар туралы 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V Қазақстан Республикасының заңы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202>. (Дата обращения: 13.09.2022).

тейді, валюталық реттеу мен валюталық бақылаудың мақсаттарын, міндеттерін айқындайды⁷.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді салықтық реттеудің негізін 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) құрайды. Салық кодексі салық салудың негізгі принциптерін белгілейді, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндеттерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты қатынастарды реттейді.⁸

Кеден заңнамасы, ең алдымен, 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодексмен ұсынылған. Аталған кодекс ҚР-сындағы кедендік реттеудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Сондай-ақ, ҚР-ның егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, қазақстандық экономиканың әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған⁹.

Сыртқы экономикалық қызметті тарифтік емес реттеу шаралары әртүрлі заңдармен және заңға тәуелді актілермен реттеледі.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді жеке-құқықтық реттеу. Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарты сыртқы экономикалық келісімшарттардың кең тараған түрлерінің бірі болып табылады.

1980 жылғы Тауарларды халықаралық сату келісім-шарттары туралы Вена конвенциясының күшіне енуін ескере отырып, қазіргі кезеңде шарттың осы түрін реттеуге тән біркелкіліктің болуын атап өтуге болады. Конвенция келесі негізгі санаттарды анықтайды:

- тауарларды халықаралық сату шартының құқықтық анықтамасы берілді;
- келмеген тараптар арасында шарт жаса-

су тәртібі анықталды;

- шарттың ықтимал нысаны белгіленді;
- сатушы мен сатып алушының құқықтары мен міндеттерінің негізгі мазмұны ашылды;
- келісім-шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі айқындалды.

Сыртқы экономикалық мәмілелерді реттейтін актілерге, сондай-ақ, 1994 жылы УНИДРУА (Жеке құқықты біріздендірудің халықаралық институты) әзірлеген және жариялаған «Халықаралық коммерциялық келісім-шарттардың қағидалары» сияқты құжат кіреді¹⁰.

УНИДРУА қағидалары халықаралық шарт емес, оларға мемлекеттердің қандай да бір ресми қосылуы талап етілмейді, олар ұсынымдық сипатта болады. Қағидалар халықаралық коммерциялық келісім-шарттардың жалпы ережелерін белгілейді. Олар келесі жағдайларда қолданылуы тиіс:

- егер тараптар оларды келісім-шартта пайдалануға келіссе;
- тараптар олардың келісім-шарты «құқықтың жалпы принциптерімен», «халықаралық сауданың әдет-ғұрыптарымен» немесе ұқсас ережелермен реттеледі деп келіскен кезде.

Бұдан басқа, қағидаттар: қолданылатын құқықтың тиісті нормасын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда туындайтын мәселені шешу үшін; халықаралық біріздендірілген құқықтық құжаттарды түсіндіру және олардың орнын толтыру үшін; ұлттық және халықаралық заңнама үшін үлгі бола алады.

Қағидаттардың негізгі мазмұны келесі ережелерге дейін қысқартылады: тараптардың шарт жасасу және оның талаптарын анықтау еркіндігі;

- шарттың міндетті емес жазбаша нысаны;
- шарттың міндетті сипаты және оның талаптарына сәйкес немесе тараптардың келісімі бойынша ғана оны өзгерту немесе бұзу мүмкіндігі;
- қолданылатын құқықтың (ұлттық, ха-

⁷ Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы 2018 жылғы 2 шілдедегі №167-VI Қазақстан Республикасының заңы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000167>. (Дата обращения: 13.09.2022).

⁸ Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI Қазақстан Республикасының заңы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>. (Дата обращения: 13.09.2022).

⁹ Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №123-VI Қазақстан Республикасының кодексі. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000123>. (Дата обращения: 13.09.2022).

¹⁰ Халықаралық факторинг туралы 1988 жылғы 28 мамырдағы ЮНИДРУА конвенциясы. [Электронды ресурс] // Режим доступа: <https://docs.cntd.ru/document/1900403>. (Дата обращения: 13.09.2022).

лықаралық, ұлттан жоғары) императивтік нормаларының қағидаттардың ережелерінен басымдылығы;

- қағидаттарда тікелей айтылған жағдайлардан басқа, тараптардың олардың кез келген ережелерінен ауытқу немесе олардың қолданысын өзгерту құқығы;

- оларды қолдануда біркелкілікке қол жеткізуді қоса алғанда, олардың халықаралық сипаттағы қағидаттарын және олардың мақсаттарын түсіндіру кезінде есепке алу;

- қағидаттарда тікелей шешілмеген мәселелерді оларда көрсетілген жалпы принциптерге сәйкес мүмкін болатын шамада шешу;

- тараптар үшін адал және халықаралық саудадағы әділ іскерлік тәжірибе стандарттарына сәйкес әрекет ету міндеті;

- тараптардың өздері келісілген кез-келген әдет-ғұрыппен және өзара қарым-қатынаста орнатқан кез-келген байланысы.

Сыртқы сауда саласында сауда әдет-ғұрыптары белсенді түрде қолданылады. Олардың көпшілігі ең беделді халықаралық ұйымдар, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдар әзірлеген құжаттар түрінде біртұтас және объективті болып табылады. Олардың ішінде Халықаралық сауда-өнеркәсіп палатасының қолдауымен әзірленген Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелерін атауға болады (ИНКОТЕРМС)¹¹.

Әдет-ғұрыптар кодификацияланбағандықтан, тараптар көбінесе олардың бар екенін дәлелдеуге мәжбүр болады. Келісім-шартқа ұлттық құқықтан, халықаралық шарттардан, халықаралық сауда әдет-ғұрыптарынан басқа, бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесінде анықталған ережелер де қолданылады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Сыртқы экономикалық мәміленің құқықтық анықтамасы ҚР-ның заңнамасында бекітілмеген, осыған байланысты қазіргі отандық азаматтық құқықта осы мәселе бойынша бірнеше көзқарастар қалыптасқан. Қазіргі заманғы құқықтық нормаларға мен ҚР халықаралық шарттарының мазмұнына сүйене отырып, коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі мемлекеттерде орналасқан тұлғалар арасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында жасалатын мәмілелер сыртқы экономикалық мәмілелерге жатады

деген қорытынды жасауға болады.

Сыртқы экономикалық мәміле деп коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі елдерде орналасқан тараптар арасында жасалған мәмілелер түсініледі. Сыртқы экономикалық мәміле сыртқы экономикалық қызмет саласында жасалады, ол шетелдік элементтің міндетті қатысуымен жасалады және кемінде екі ұлттық құқықтық жүйемен байланысты. Сыртқы экономикалық мәміле деп бір тарапы шетелдік тұлға болатын және шарт бойынша міндеттемені орындау толық немесе ішінара шет мемлекеттің аумағында жүзеге асырылатын, шарт шетелде орналасқан мүлікке қатысты болатын немесе шетелде жасалған біржақты мәмілені айтамыз.

Сыртқы экономикалық мәміле азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған тауарларды, жұмыстарды, зияткерлік қызмет нәтижелерін, қызметтердің барлық түрлерін халықаралық айырбастау саласындағы халықаралық жеке құқық субъектілерінің қызметін қамтитын кешенді категория ретінде қарастырылады.

Сыртқы экономикалық мәміле – коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі мемлекеттерде орналасқан тұлғалар арасында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында жасалатын, мәміле тараптарының бірінің бейрезиденттілігі (шет мемлекетке тиесілігі) деп түсінілетін шетелдік элементтің болуымен, сондай-ақ валюталық есеп айырысулардың жол берілуімен және тараптардың келісімі бойынша шарттан туындайтын міндеттемелерді осы валюталарда бағалау мүмкіндігімен сипатталатын және ұлттық заңнама нормаларымен де, халықаралық құқық нормаларымен де, халықаралық сауда әдет-ғұрыптарымен де реттелуге болатын мәміле.

2. Сыртқы экономикалық мәмілені сипаттайтын негізгі белгілер анықталды:

- мәміле тараптарының бірінің бейрезиденттілігі (шет мемлекетке тиесілігі) деп түсінілетін шетелдік элементтің болуы. Бұл ретте анықтаушы фактор оның тіркелген жері емес, коммерциялық кәсіпорынның орналасқан жері болып табылады. Сондықтан, сыртқы экономикалық мәмілелерді шетелдік элементпен қиындатылған мәмілелер деп атауға болады.

- сыртқы экономикалық құқықтық қатынастарға ұлттық заңнамадан басқа халықара-

¹¹ 2011 жылғы 1 қаңтардағы ИНКОТЕРМС-2010 сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелері. [Электронный ресурс]— Режим доступа. - URL: // <https://anvay.ru/incoterms>. (Дата обращения: 01.03.2022).

лық құқық, халықаралық сауда әдет-ғұрыптарын қолдану мүмкіндігінен тұратын құқықтық реттеудің ерекшелігі. Сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеудің ішкі азаматтық-құқықтық мәмілелерді реттеуден айырмашылығы, жария құқық нормалары үлкен рөл атқарады. Атап айтатын болсақ, экспорт-импорт, валюталық, қаржылық, салықтық және кеден заңнамаларының нормалары қолданылады. Сауда қатынастарының саласы неғұрлым бірыңғай заңнамамен және көптеген халықаралық келісімдермен ерекшелінеді.

- импорттық-экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде валюталық есеп айырысуға жол беру, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша шарттан туындайтын міндеттемелерді осы валюталарда бағалау мүмкіндігі.

3. Сыртқы экономикалық мәмілелерді азаматтық-құқықтық реттеу бірқатар халықаралық нормативтік құқықтық актілерге негізделеді, олардың негізгісі Халықаралық коммерциялық келісім-шарттардың ЮНИДРУА қағидаттары болып табылады. Олар халықаралық коммерциялық келісім-шарттардың жалпы ережелерін белгілейді. Сонымен қатар, Халықаралық сауда және өнеркәсіп палатасының қамқорлығымен әзірленген Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық ережелеріде (ИНКОТЕРМС) сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеуде маңызды рөл атқарады. Сыртқы экономикалық мәмілелерді реттеуде ұлттық құқық нормаларынан, халықаралық шарттардан, халықаралық сауда әдет-ғұрыптарынан басқа, бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесінде анықталған ережелер де қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сулейменов М.К. *Право и внешнеэкономическая деятельность в Республике Казахстан*. - Алматы, КазГЮА, 2001, - 480с.
2. Канашевский В.А. *Понятие внешнеэкономической сделки в российском праве, доктрине и судебно-арбитражной практике*. // Журнал российского права. - 2008. - № 8. - С.107-117.
3. Зыкин И.С. *Договор во внешнеэкономической деятельности*. - Москва: Международные отношения, 1990. - 222с.
4. Луц Л.А. *Курс международного частного права*. - Москва: Спарк, 2002. - 1007с.
5. Богуславский М.М. *Виды и содержание договоров во внешнеэкономических отношениях СССР - ФРГ*. - Москва: Издательство ИГиП АН СССР, 1986. - 47с.
6. Елисеев И.В. *Гражданско-правовое регулирование международной купли-продажи товаров*. - Санкт - Петербург: Юрид.центр Пресс, 2002. - 236с.
7. Бублик В.А. *Гражданско-правовое регулирование внешнеэкономической деятельности в Российской Федерации: проблемы теории, законотворчества и правоприменения. Монография*. - Екатеринбург, 1999. - 226с.
8. Ивлев И.Ю. *Понятие и особенности внешнеэкономической сделки // Инновации. Наука. Образование*. 2020. - № 12. - С.243-247.

REFERENCES

1. Sulejmenov M.K. *Pravo i vneshneekonomicheskaya deyatel'nost' v Respublike Kazahstan*. - Almaty, KazGYUA, 2001, - 480s.
2. Kanashevskij V.A. *Ponyatie vneshneekonomicheskoy sdelki v rossijskom prave, doktrine i sudebno-arbitrazhnoj praktike*. // Zhurnal rossijskogo prava. - 2008. - № 8. - S.107-117.
3. Zykin I.S. *Dogovor vo vneshneekonomicheskoy deyatel'nosti*. - Moskva: Mezhdunarodnye otnosheniya, 1990. - 222s.
4. Lunc L.A. *Kurs mezhdunarodnogo chastnogo prava*. - Moskva: Spark, 2002. - 1007s.
5. Boguslavskij M.M. *Vidy i sodержanie dogovorov vo vneshneekonomicheskikh otnosheniyah SSSR - FRG*. - Moskva: Izdatel'stvo IGiP AN SSSR, 1986. - 47s.
6. Eliseev I.V. *Grazhdansko-pravovoe regulirovanie mezhdunarodnoj kupli-prodazhi tovarov*. - Sankt - Peterburg: YUrid.cent Press, 2002. - 236s.
7. Bublik V.A. *Grazhdansko-pravovoe regulirovanie vneshneekonomicheskoy deyatel'nosti v Rossijskoj Federacii: problemy teorii, zakonotvorchestva i pravoprimereniya. Monografiya*. - Ekaterinburg, 1999. - 226s.
8. Ivlev I.YU. *Ponyatie i osobennosti vneshneekonomicheskoy sdelki // Innovacii. Nauka. Obrazovanie*. 2020. - № 12. - S.243-247.